

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы N 134 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ ССР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша), N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1994 жылғы 13 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы, 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтыру енгізу туралы" 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

мынадай мазмұндағы 173-1-баппен толықтырылсын:

"173-1-бап. Міндетті зейнетақы жарналары сомасын азайту немесе жасыру, оларды төлеу мерзімін бұзу

Міндетті зейнетақы жарналарының сомасын азайту немесе жасыру, сондай-ақ Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа оларды төлеу мерзімін төлеушілердің, міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалуды жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлға құрмай, кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын әрі міндетті зейнетақы жарналарын дербес төлейтін жеке

азаматтар мен лауазымды адамдарға жиырма есептік көрсеткіш мерзіміне дейін айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік өндіріп алу салынғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл осы іс-әрекет - азаматтар мен лауазымды адамдарға отыз есептік көрсеткіш мөлшерінде дейін айыппұл салуға әкеп соқтырады.";

237-7-бапта "169-3" деген цифрдан кейін "173-1" деген цифрмен толықтырылсын;

248-1-баптың 1) тармақшасының жиырма сегізінші абзацы "171" деген цифрдан кейін "173-1" деген цифрмен толықтырылсын.

2. "Шаруа шаруашылықтары туралы" 1990 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 22, 257-кұжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 309-кұжат; N 16, 411-кұжат; 1993 ж., N 8, 183-кұжат; 1995 ж., N 20, 120-кұжат; N 21, 130-к ұ ж а т) :

11-баптың 8-тармағында "әлеуметтік сақтандыру жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын.

3. "Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және агроөнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" 1990 жылғы 13 ақпандағы Қазақ КСР Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 8, 93-кұжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 327-кұжат; 1995 ж., N 20, 120-кұжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

3 8 - б а п т а :

1-тармақтың жетінші абзацы алып тасталсын;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

39-бапта "45 жас" деген сөз "1998 жылғы 1 шілдеден бастап аталған зейнеткерлік жасты жыл сайын алты айға, бірақ тұтас алғанда көп дегенде үш жылға кейіннен ұлғайта отырып 50 жас" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1991 жылғы 17 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 25, 328-кұжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 125-кұжат; N 13-14, 323-кұжат; N 16, 401-кұжат; 1993 ж., N 8, 159-кұжат; 1994 ж., N 9-10, 148-кұжат; 1995 ж., N 20, 120-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 176-кұжат; N 14, 276-к ұ ж а т) :

8-баптың екінші бөлігі "және Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін

түсімдер" деген сөздермен толықтырылсын;

81-баптың бірінші бөлігінің 1-тармақшасында "ағымдағы" деген сөз "өткендегі" деген сөзбен ауыстырылсын.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы):

35-баптың бірінші бөлігіндегі "зейнетақылар" деген сөз "мемлекеттік әлеуметтік және өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын.

45-баптың бірінші бөлігінің үшінші және төртінші абзацтары "мемлекеттік" деген сөзден кейін "әлеуметтік жәрдемақылармен және" деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Білім беру туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-құжат; N 13-14, 327-құжат; N 16, 402-құжат; 1993 ж., N 8, 154-құжат; 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; 1995 ж., N 15-16, 104-құжат; N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 183-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы):

28-баптың бірінші бөлігіндегі алтыншы абзац алып тасталсын.

7. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; 1995 ж., N 23, 155-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы):

3 2 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "және олардың отбасыларын" деген сөздер алып тасталсын; үшінші бөліктегі "өмір бойына зейнетақы" деген сөздер "асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші бөліктегі "осы негіз бойынша тағайындалған зейнетақы" деген сөздер "

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

35-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын.

8. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348 -құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы):

13 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймақтарында тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан азаматтардың экологиялық қолайсыз жағдайларда тұрып жатқаны үшін мынадай аймақтар бойынша коэффициент қолданыла отырып зейнетақы алуға құқығы бар:

Экологиялық апат - 1,5;

экологиялық дағдарыс - 1,3";

1), 2) және 3) тармақшалар 2), 3) және 4) тармақшалар болып есептелсін;

2) тармақшадағы "зейнетақы", "және жәрдемақы" деген сөздер алып тасталсын;

9. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 23, 560-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; N 20, 252-құжат):

12 - б а п т а :

үшінші бөліктің 1) және 2) тармақшалары алып тасталсын;

3) тармақшадағы "3)" деген сан алып тасталсын;

13 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы жаңа бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы заңның 5 және 6-баптарында аталған аумақтарда тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан азаматтардың аймақтар бойынша мынадай мөлшерде үстемақы алуға құқығы бар:

төтенше радиациялық қатер аймағы - 2 айлық есептік көрсеткіш;

ең жоғары радиациялық қатер аймағы - 1,75 айлық есептік көрсеткіш.";

бірінші бөлік екінші бөлік болып есептелсін;

екінші бөлікте:

1) тармақшада:

бірінші абзацтағы "және зейнетақы" деген сөздер алып тасталсын;

жетінші абзац алып тасталсын;

2) тармақшадағы "және жәрдемақы", "жәрдемақылар", "жәрдемақы" деген сөздер алып тасталсын.

10. "Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 22, 135-құжат):

15-баптың 2-тармағының "а)" тармақшасының үшінші абзацында "(еркектер - 60 жас, әйелдер - 55 жас)" деген сөздер алып тасталсын;

22-баптың 4-тармағының а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

"а) қызмет етудің белгіленген мерзімін атқаруы бойынша;

зейнетақыға құқық беретін қызмет сіңірген жылдары бойынша және әскери қызметке болудың шекті жасына жету;"

11. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Z932200_ Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 242-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы) :

24-баптың бірінші бөлігінің он екінші абзацындағы "тағайындалған зейнетақының кемінде 30 проценті сақтала отырып" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша), 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; "1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы; 1997 жылғы 11 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы);

45-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Заңды тұлға-жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру зейнетақымен камсыздандыру туралы заңдарда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге

асырылады";

49-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Заңды тұлға-жинақтаушы зейнетақы қорын тарату зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

85-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорларының акционерлері аталған қорлардың міндеттемелері бойынша зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген тәртіп пен жағдайларда ортақтасып жауап береді".

182-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы тиісті органға жолдануына байланысты зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындалғанға не оларды тағайындаудан бас тартылғанға дейін не тоқтатыла тұрады" деген сөздер "зейнетақы төлемдерін тағайындау және/немесе жүзеге асыру туралы немесе жәрдемақы тағайындау туралы тиісті ұйымдарға жолдануына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалғанға және/немесе жүзеге асырылғанға немесе жәрдемақы тағайындалғанға не зейнетақы төлемдерін тағайындаудан және/немесе жүзеге асырудан немесе жәрдемақы тағайындаудан бас тартылғанға дейін тоқтатыла тұрады" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Президентінің "Банкроттық туралы" заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 1997 жылғы 9-сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңы; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 14 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" 1997 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

11-бап мынадай мазмұндағы 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

- "5) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызмет;
6) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет;
7) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет."

14. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңы; 1997 жылғы 15 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" 1997 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгеріс мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасы заңдарымен реттелетін арнаулы қорларға төлемдер төлеу" деген сөздер "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына міндетті медициналық сақтандыру қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына, Жол қорына міндетті жарналар төлеу және қаржы бөлу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н :

1 0 - б а п т а :

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбекке ақы төлеу және зейнетақы төлемдері түрінде алынған кірістер";
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Зейнетақы төлемдері түрінде алынатын кірістерге жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынған төлемдер жатады";

13-бап мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын;

"б) зейнетақы қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес алынған және жеке зейнетақы шотына жіберілген инвестициялық кірістер";

14-баптың 1-тармағында "мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға бөлінген қаржы және Қазақстан Республикасы заңдарымен реттелетін арнаулы қорлар" деген сөздер "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтаушы зейнетақы қорларына, Жол қорына міндетті жарналар төлеу және қаржы бөлу" деген сөздермен ауыстырылсын;

28-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жеке тұлғаның жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарнасын төлеуді зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген мөлшерде шегеруге қ ұ қ ы ғ ы б а р " ;

3 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

7) тармақша алып тасталсын;

9-баптың 4-тармағының 1/-тармақшасы "және зейнетақы төлемдері" деген сөздермен толықтырылсын.

8) тармақша 7) тармақша болып есептелсін;

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері, стипендиялар, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасы бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ өзге де жәрдемақылар мен төлемдер, оның ішінде жүктілігі мен босануы бойынша, жарақат алу және денсаулығына басқа да зиян келуі салдарынан еңбек қабілетін жоғалтуға және асыраушысынан айрылуына байланысты жәрдемақылар;"

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Салық төлеушінің жиынтық жылдық кірісі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарының сомасына мынадай мөлшерде а з а й т ы л а д ы :

1) жеке адам үшін - айына он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

2) заңды тұлға үшін - айына әрбір қызметкерге шаққанда жиырма есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде.";

5 0 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақша алып тасталсын;

3) - 7) тармақшалар тиісінше 2) - 6) тармақшалар деп есептелсін.

76-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын;

" 2 3) э л е к т р қ у а т ы . " ;

169-баптың екінші абзацы "сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын қамтамасыз ету" деген сөздермен толықтырылсын;

171-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы "сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының толығымен және уақтылы аударылуы үшін" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ; " ;

1 7 6 - б а п т а :

5-тармақтың 2) тармақшасындағы "асыраушысынан айрылуына байланысты өмірлік зейнетақы" деген сөздер "асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Салық полициясы бөлімшелерінің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады."

9 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

1 7 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) мемлекеттік бюджетке салықтардың, алымдар мен басқа да міндетті төлемдердің, бақылау жұмысының нәтижелері бойынша айыппұлдар мен өсімдердің қоса есептелген және түскен сомаларынан, сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі орталыққа және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналарды уақтылы төлемегені үшін алынатын өсім сомасынан 10 процент аударым."

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салық қызметі органдарының әлеуметтік даму және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қорын пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

15. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45-құжат; N 14, 98-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы);

6-баптың екінші және үшінші абзацтарындағы "есептеледі" деген сөз "1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді" деген сөздермен ауыстырылсын:

9-баптың 1-тармағының оныншы абзацындағы "зейнетақы" деген сөз "мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен ауыстырылсын:

1 1 - б а п т а :

28-тармақтағы "алып жүрген зейнетақысына ай сайын ең төменгі жалақы мөлшерінде ай сайын қосылатын үстемақылар, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын

32-тармақ "қайтыс болған/қайтыс болған зейнетақы төлемдерін алушыны қоспағанда/" деген сөздермен толықтырылсын;

34-тармақтағы "зейнетақымен қамтамасыз ету және" деген сөздер алып тасталсын;

16-баптың 1-тармағының сегізінші абзацындағы "зейнетақы" деген сөз " мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар" деген сөздермен ауыстырылсын:

17-баптың бірінші бөлігіндегі "Зейнетақы қорынан (11-баптың 28, 32-тармақтары)" деген сөздер алып тасталсын.

16. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат):

2-баптың 3-тармағындағы бірінші абзацы "немесе арнаулы заң актілерімен белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

54-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорларының акционерлері аталған қорлардың міндеттемелері бойынша зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген тәртіп пен жағдайларда ортақтасып жауап береді.";

72-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құру зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады." ;

76-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын тарату зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады."

17. Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" 1995 жылғы 15 маусымдағы N 2329 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 60-құжат):

18-баптың төртінші бөлігі "Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

18. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9 - 10 , 68 - құ ж а т) :

8 - б а п т а :

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру";

бірінші бөлік "әлеуметтік" деген сөзден кейін "және зейнетақымен" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктегі "зейнетақы" деген сөз "зейнетақы төлемдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 118-құжат; 1995 ж., N 23, 142-құжат; 1997 жылғы 20 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1 9 - б а п т а :

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Президенттің Күзет қызметінің әскери қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады";

сегізінші бөлік алып тасталсын.

20. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2671 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат):

18-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық ұланның әскери қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады".

21. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 366-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

35-бап алып тасталсын.

22. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2706 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 153-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен

Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

23-баптың бірінші бөлігінің 1) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;"

2 4 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақ 6-тармақ болып есептелсін.

25-баптың 7-тармағындағы "асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы" деген сөздер "асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірдегі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының 3 а н ы) :

17-баптың 1-тармағындағы 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары /қызмет мерзімі/ және әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша";

2 6 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік тергеу комитетті қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

7 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

28-баптың 7-тармағындағы "асыраушысынан айрылуына байланысты бір айлық ақшалай табысы мөлшерінде зейнетақы" деген сөздер "асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 1 5 6 - қ ұ ж а т) :

53-баптың 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Прокуратура органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады."

25. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 1 5 7 - қ ұ ж а т) :

1 9 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы . " ;

4-тармақ алып тасталсын.

26. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2730 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 169-құжат):

26-баптың 7-тармағындағы "жұмыс істеп жүрген... немесе осы Жарлықтың 27-бабына сәйкес зейнет демалысына шыққан" деген сөздер алып тасталсын.

27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. "Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік жағынан қамсыздандыру

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамсыздандыру және мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады

" ;

2 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақша алып тасталсын;

4) - 7) тармақшалар тиісінше 3) - 6) тармақшалар болып есептелсін;

2 9 - б а п т а :

6-тармақтағы "зейнеткерлік жасына" деген сөздер "зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа" деген сөздермен, "жетпіс" деген сөз "елу" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

7 - тармақ алып тасталсын ;

8-тармақ 7-тармақ болып есептелсін ;

7-тармақтағы "зейнеткерлік жасына" деген сөздер "зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. Қазақстан Республикасы Президентінің "Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 2788 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 176-құжат; N 20-21, 401-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;

І І б ө л і м д е :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"II. Қазақстан Республикасы алдында айрықша еңбегі сіңіргені үшін бұрын зейнетақы алып келген адамдарға мынадай жеңілдіктер сақталсын."; екінші бөлік алып тасталсын.

28. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 1996 жылғы 18 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 15 , 278 - құжат) :

1 - б а п т а :

"зейнеткерлік жасқа жеткен кезде" және "асыраушысынан айрылған" деген сөздер алып тасталсын, "төлемдер" деген сөз "жарналар" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандырылмаған азаматтарға әлеуметтік кепілдіктердің жекелеген түрлері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі";

3-баптың төртінші және алтыншы абзацтарындағы "зейнетақылардың" деген сөз алып тасталсын ;

4-баптың 1-тармағында "сондай-ақ жұмысы еңбек стажына есептелетін еңбек қызметінің басқа түрлеріне қатысушылар" деген сөздер алып тасталсын;

7-баптың екінші абзацы алып тасталсын;

8 - б а п алып тасталсын ;

14-баптың екінші бөлігі "өлген адамның отбасына" деген сөздерден кейін "(өлген зейнетақы төлемдерін) алушыны қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

19-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы алып тасталсын;

20-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Міндетті әлеуметтік сақтандыруға уақтылы төленбеген жарналар әрбір өткен күн үшін (ақы төлеу күнін қоса алғанда) осы жарналар төленетін күні Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,2 есе мөлшерінде өсім есептеле отырып міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы қорлары кірісіне өндіріп алынады." ;

21-баптың екінші бөлігі "Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

22-баптың бірінші бөлігі "және салық қызметі органдары" деген сөздермен толықтырылсын.

29. 1997 жылғы 11 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында :

28-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа тоғызыншы абзацпен толықтырылсын :

"мемлекеттік емес зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару;".

2-бап. Осы Заң 1997 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізіледі, бұған 1-баптың 1-3, 5-11 тармақтары, 14-тармағының екіншіден отыз төртіншісіне дейінгі абзацтары, 15, 17-28-тармақтары қосылмайды, олар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті